24139743797

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 23 маусым №2301-26-00-2/1482 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.Д.Сейсентаев,
сот отырысының хатшысы М.Қ.Шукакова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Inder power construction-2026» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұжан әрі- ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.М.Орынгалиева
жауапкер өкілі А.С.Болатов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 13 сәуірде «Атырау облысы Исатай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі үшін №16786839-1 «Автомобиль жолдарын ұстау бойынша жұмыстар» мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс жариялаған. Сатып алу сомасы 31 896 551,72 теңгені құраған.

Талап қоюшы сотқа жолдаған талабында жауапкер «Inder power construction-2026» ЖШС-гі аталған конкурсқа қатысып, конкурстық құжаттамаға материалдық ресурсының бар екені туралы «Дорстрой» ЖШС-нен 2026 жылғы 5 қаңтардағы №15 техниканы жалға алу шарты негізінде жалға

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 30.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Сейсентаев Ж. Д., 11.08.2026
2301-26-3-1/1779

алынған «ЗИЛ МДК-433362-03» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі N029BW техниканы ұсынғанын көрсеткен.

Алайда, Қызылорда облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының 2026 жылғы 30 сәуірдегі №914 санды жауабына сәйкес, аталған көлік құралы «Дорстрой» ЖШС-гі атына 2008 жылғы 25 шілдеде тіркеліп, 2019 жылғы 2 сәуірде тіркеу есебінен шығарылғаны анықталған. Осыған байланысты талап қоюшы жауапкер бірінші конкурс бойынша конкурстық құжаттамаға анық емес ақпарат ұсынған деп есептейді.

Сонымен қатар, талап қоюшы талап қоюын нақтылап, «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 4 мамырда «Атырау облысы Жылыой ауданының жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі үшін №16934697-1 «Жол белгілерін жағу бойынша жұмыстар» мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс жариялағанын көрсеткен. Сатып алу сомасы 68 031 495 теңгені құраған.

Талап қоюшының уәжіне сәйкес, жауапкер «Inder power construction-2026» ЖШС-гі осы конкурсқа да қатысып, конкурстық құжаттамаға материалдық ресурсының бар екені туралы жеке тұлға Туребек Тлегенович Дузкеевтен 2026 жылғы 7 сәуірдегі №07-04 техниканы жалға алу шарты негізінде жалға алынған «КАМАЗ 53215-15» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 250AJM06 техниканы ұсынған.

Жеке кәсіпкер «Байсултанова» қорытынды хаттамамен келіспей, 2026 жылғы 18 мамырда №291205 шағыммен талап қоюшыға жүгініп, жауапкер ұсынған «КАМАЗ 53215-15» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 250AJM06 техникасына қатысты мәліметтерді тексеруді сұраған.

Осыған байланысты талап қоюшы 2026 жылғы 19 мамырдағы №06-01-03-01/840 санды хатпен Атырау облысының Әкімшілік полиция басқармасына «КАМАЗ 53215-15» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 250AJM06, техникалық төлқұжаты №DP99755671 көлік құралының шынайылығын және айрықша белгілері жөніндегі мәліметтерді растау туралы сұрау жолдаған.

Атырау облысы Әкімшілік полиция басқармасының 2026 жылғы 21 мамырдағы №1071 санды жауабына сәйкес, аталған көлік құралы Т.Дузкеевтің атына Ақтөбе облысында 250AJM04 мемлекеттік тіркеу нөмірімен тіркелгені хабарланған. Осыған орай талап қоюшы жауапкер екінші конкурс бойынша да конкурстық құжаттамаға анық емес ақпарат ұсынған деп санайды.

Талап қоюшы жауапкердің екі конкурсқа қатысу барысында материалдық ресурстар туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер ұсынғанын алға тартып, «Inder power construction-2026» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюмен келісетіндігін, техникалардың тіркеуден шыққанын білмегендігін және тексермегенін, кінәсін толық мойындайтынын айтып, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 30.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Сейсентаев Ж. Д., 11.08.2026
2301-26-3-1/1779

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы немесе тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 11-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 76-тармағына сай, конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы талап етілген жағдайда, мұндай талапқа сәйкестік материалдық ресурстарға меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен дәлелденеді. Материалдық ресурстар жалға алынған жағдайда жалдау шартының электрондық көшірмесі ұсынылады.

Қағидалардың 212-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оның ішінде материалдық ресурстарға ие болу бөлігінде сәйкессіздік анықталса немесе біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынылса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары бойынша немесе конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер «Inder power construction-2026» ЖШС-гі 2026 жылғы 13 сәуірде жарияланған №16786839-1 «Автомобиль жолдарын ұстау бойынша жұмыстар» мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысу кезінде материалдық ресурс ретінде «Дорстрой» ЖШС-нен 2026 жылғы 5 қаңтардағы №15 техниканы жалға алу шарты негізінде жалға алынған «ЗИЛ

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 30.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Сейсентаев Ж. Д., 11.08.2026
2301-26-3-1/1779

МДК-433362-03» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі N029BW техниканы ұсынған.

Алайда, Қызылорда облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының 2026 жылғы 30 сәуірдегі №914 санды жауабына сәйкес, аталған көлік құралы «Дорстрой» ЖШС-нің атына 2008 жылғы 25 шілдеде тіркеліп, 2019 жылғы 2 сәуірде тіркеу есебінен шығарылған.

Демек, жауапкер бірінші конкурсқа қатысу кезінде материалдық ресурс ретінде тіркеу есебінде жоқ техниканы көрсеткен. Бұл мән-жай конкурстық құжаттамадағы біліктілік талаптарына тікелей қатысты болғандықтан, техникалық немесе формальды қате ретінде бағаланбайды.

Сонымен қатар, жауапкер 2026 жылғы 4 мамырда жарияланған №16934697-1 «Жол белгілерін жағу бойынша жұмыстар» мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысып, материалдық ресурс ретінде жеке тұлға Туребек Тлегенович Дузкеевтен 2026 жылғы 7 сәуірдегі №07-04 техниканы жалға алу шарты негізінде жалға алынған «КАМАЗ 53215-15» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі 250AJM06 техниканы ұсынған.

Атырау облысы Әкімшілік полиция басқармасының 2026 жылғы 21 мамырдағы №1071 санды жауабына сәйкес, аталған көлік құралы Т.Дузкеевтің атына Ақтөбе облысында 250AJM04 мемлекеттік тіркеу нөмірімен тіркелген.

Осылайша, жауапкердің екінші конкурс бойынша өтінімінде көрсетілген мемлекеттік тіркеу нөмірі полиция органының ресми мәліметімен сәйкес келмейді. Бұл сәйкессіздік көлік құралын сәйкестендіруге және материалдық ресурстың нақты бар-жоғын анықтауға тікелей әсер етеді.

Соттың пайымдауынша, материалдық ресурстар туралы мәліметтер әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтайтын негізгі құжаттарға жатады. Сондықтан мұндай мәліметтер нақты, толық және шынайы болуы тиіс.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талап қоюмен келісетінін, техникалардың тіркеу есебінен шығарылғанын және тіркеу деректеріндегі сәйкессіздіктерді білмегенін, оларды алдын ала тексермегенін, кінәсін толық мойындайтынын түсіндірді. Сонымен бірге, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

Алайда, сот бұл уәждерді талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуға негіз ретінде қабылдамайды. Мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысатын әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімге енгізілетін мәліметтердің дұрыстығын өзі тексеруге және қамтамасыз етуге міндетті. Техниканың тіркеу жағдайын білмеуі немесе оны тексермеуі жауапкерді заңда көзделген құқықтық салдардан босатпайды.

Керісінше, жауапкер өкілінің техникаларды тексермегенін және кінәсін мойындағанын айтуы жауапкердің конкурстық өтінімге енгізілген мәліметтердің шынайылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндетін орындамағанын растайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 72-бабына сәйкес, әрбір тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 30.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Сейсентаев Ж. Д., 11.08.2026
2301-26-3-1/1779

Жауапкер сотқа бірінші конкурс бойынша «ЗИЛ МДК-433362-03» маркалы, мемлекеттік тіркеу нөмірі N029BW техниканың конкурс өткізілген уақытта тіркеу есебінде болғанын, сондай-ақ екінші конкурс бойынша «КАМАЗ 53215-15» маркалы көлік құралының өтінімде көрсетілген 250AJM06 мемлекеттік тіркеу нөмірімен тіркелгенін растайтын дәлелдемелерді ұсынбады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 8-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалар өз құқықтарын жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет етуге, ал кәсіпкерлер іскерлік әдептілік қағидаларын сақтауға тиіс.

Мемлекеттік сатып алу саласында адалдық, ашықтық және тең бәсекелестік қағидаттары ерекше маңызға ие. Конкурстық өтінімге шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер енгізу конкурстық комиссияның объективті шешім қабылдауына кедергі келтіреді және басқа қатысушылардың тең құқықтарын бұзады.

Сот іс бойынша жиналған дәлелдемелерді жиынтығында бағалай отырып, жауапкердің екі конкурс бойынша материалдық ресурстарға қатысты ресми деректермен сәйкес келмейтін мәліметтер ұсынғанын анықтады. Бұл мәліметтер біліктілік талаптарына тікелей қатысты және конкурс нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты сот жауапкердің әрекеттері Заңның 3-бабының 1) тармақшасында көзделген анық емес ақпарат ұсыну болып табылады деген қорытындыға келеді.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде талап қоюшының «Inder power construction-2026» ЖШС-ны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы заңды, негізді және қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, талап қоюшы мемлекеттік баж төлеуден босатылғандықтан, қанағаттандырылған талап бойынша жауапкерден мемлекет кірісіне 2 163 теңге мемлекеттік баж өндірілуі қажет.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Inder power construction-2026» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Inder power construction-2026» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Inder power construction-2026» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 30.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Сейсентаев Ж. Д., 11.08.2026
2301-26-3-1/1779

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Ж.Д.Сейсентаев

Құжатқа қол қойылған: Сейсентаев Ж. Д., 30.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Сейсентаев Ж. Д., 11.08.2026

2301-26-3-1/1779